

Л 2010

22198к



ЖЮЛЬ ВЕРН  
**СЫРЛЫ АРАЛ**

ҚАЗАҚТЫҢ БІРІККЕН МЕМЛЕКЕТ  
БАСПАСЫ 1947 АЛМАТЫ




А 2010/22198к

ЖЮЛЬ ВЕРН

# СЫРЛЫ АРАЛ

БІРІНШІ БӨЛІМ



ҚАЗАҚТЫҢ БІРІККЕН МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ  
АЛМАТЫ—1947



## АПАТҚА КЕЗДЕСКЕНДЕР

### БІРІНШІ ТАРАУ

*1865 жылдағы дауыл. — Аспандағы айқай. — Дүе шары.  
Қаптың сырты жыртылды. — Айнала су. — Бес жолаушы.  
— Гондолда (қорап) не болды. — Ушықтағы жер. — Түйін шешілуі*

- Біз көтеріліп келеміз бе?  
— Жоқ, төмендеп келеміз!  
— Ең жаманы сол, Смит мырза, біз құлап келе жатырмыз!  
— Салмақты азайтыңдар!  
— Соңғы қап босатылды!  
— Шар көтерілді ме?  
— Жоқ!  
— Маған су толқынының дыбысы естіліп тұрған тәрізді.  
— Теңізге ең көп болса бес жүз футтай<sup>1</sup> жер қалды.  
— Ауыр нәрсенің бәрі лақтырылсын! — деп өктем дауыс бұйрық берді.

1865 жылдың 23 март күні түскі сағат төрт шамасы еді. Ушы-қыйыры жоқ Тұңғыйық мұхиттың үстінде жоғарыдағы сөздер құлаққа естіліп тұрды.

Быйылғы күн мен түн теңелген кездегі қорқынышты норд-остты<sup>2</sup> жұрттың барлығы да ұмытпаған болар. Барометр жеті жүз он миллиметрге дейін төмен түсті. Дауыл бәсеңдеместен, марттың 18нен 26на дейін құтырды да тұрды. Америкада, Европада, Азияда, Солтүстік жақ отыз бес градус пен Оңтүстік жақ қырық градус етектің

<sup>1</sup> 150 метр шамасы.

<sup>2</sup> Солтүстік-шығыстан көтерілген жел.

(широтаның) екі ортасындағы жерлерге, дауыл сұрапыл зыян келтірді. Ағаштар тамырымен қопарылды, қалалар быт-шыт болды, өзендер арнасынан тасып шықты, жүздеген кемелер теңіздің кемеріне лақтырылды, егіс тып-тыйпыл болды. Мыңдаған адамдар қырылды. — Бұл дауылдың ақыр соңы осындай апатқа кездестірді.

Сол кезде жердегі, теңіздегі апат қанша болса, әуедегі аяныш трагедия да онан кем соққан жоқ. Аспанда күйінға кездескен әуе шары, бұлтпен бірге қабаттасып ағып отырып, сағатына тоқсан миль<sup>1</sup> жер жүрді. Шардың гондолының (қайығының) ішінде бес жолаушы бар еді.

Ашынған апатқа кездесіп, амалы кұрып қуыршақ тәрізденген бұл әуе шары қай жерден сапете түсті? Ол жер шарының қай нұқатынан көтерілді? Тегі, ол дауыл басталғанға дейін шарықтаған болар: бірақ оның алғашқы белгісі 18 март күні еді; бұған қарағанда, шар, сәткесінде ең кемінде екі мың миль жүріп отырып, әлдеқайдағы бір алыс жерден келген болар.

Тіпті, жерден көтерілгеннен бері неше шақырым ұшып келгендігін әуе шарындағылардың өздері байқаған жоқ.

Дауылдың ыңғайына түсіп, аспанды шарықтап үйірілді де отырды. Үйірілгендігін де, жүрістердің жылдамдығын да олар сезбеді. Өйткені, шардың төменгі жағы қаптаған қалың тұман еді, көздеріне дәнеңе көрінген жоқ. Бұлттың қалыңдығы сонша, тіпті түн екенін, күн екенін біліп боларлық емес еді: шардың айналасы түксиген қараңғы қара түнек.

Күннің нұры да, жердегі халықтардың шуы да, мұхиттың толқындарының өкіргені де, әуенің ең жоғарғы қабатында жүрген бұларға жететін емес. Жалғыз-ақ төмен қарай кұлап келе жатқанда ғана мұхиттың өкірген толқындары катерін тігіп тұрған тәрізденді.

«Ауыр салмақты сыртқа лақтыр!» деп бұйрық берілген кезде, әуе шарындағылар қораптың ішіндегі жабдықтарды, тамақты, мылтықтарды төмен қарай тастап еді. Сонан кейін, шар қайта шарықтап, төрт мың жа-

<sup>1</sup> 166 километр.

рым фут жер жоғары көтерілді. Төменде жайраңдаған теңіздің барын білгеннен кейін, әуе шарындағылар дәнеңені аяған жоқ. Түпсіз тұңғыйықтың төбесінде шарықтап жүрген шарды жеңілейту үшін ең қажет заттарды да сыртқа лақтырды.

Түн, қандай батыл, табанды адамды болса да қобалжытатын түрде, хауіп-хатерлі түрде өтті. Бірақ, тағы да күндіз болды. Дауыл, біртіндеп саябырлаған тәрізді. Бұлт әуенің жоғарғы қабатына көтерілді. Бірнеше сағат бәсеңдегендей болды. Теңізшілер айтқандай, жел, дауыл түрінен төмендеп, «ашыққа шықты», яғни, әуені тасытып тұратын екпін екі есе кеміді. Сағат он бірге қараған шамасында, әуенің төменгі қабаты бұлттан тазарды. Дауыл, Индия мұхитында болатын тайфун кұсаң, бойындағы электр күшінің барлығын ыдыратып жібергендей болды. Бірақ, сол жерде, шар бір тоқтамастан бірте-бірте тағы да төмендеді. Газдың (будың) кемігендігінен бүрісе бастады. Доп-домалақ болып тұрған сырты сопақтана қалды.

Түске таман әуе шары теңіздің үстінде, екі-ақ мың фут жерде ғана тұрды. Жолаушылар манағыдан қалған нәрселердің барлығын да сыртқа атты, тіпті қалтадағы заттарды да қалдырған жоқ. Біреуі, шардың тысындағы ауды қабыстырған дөңгелек жіпке асылына түсіп, шардың бу шығатын аузын мықтап байламақшы болды.

Бірақ, шарда, әуе тұратындай шама қалған жоқ, газы жетпеді.

Жолаушылардың халі хауіп-хатерге айналды...

Анығында, аяқтың асты теп-тегіс су еді. Айналада шардың якорін тастайтындай не кұрғақ, не бір таяз жер жоқ еді. Ұшы қыйыры жоқ теңізде таудай толқындар бірін-бірі соғып жатқан. Қырық миль шамасы көздің ұшына ілінетін айналадағы судың шетіне, тіпті олар ұшып келе жатқан биіктің өзінен қарағанда көз жеткісіз еді. Не алақандай жер, не бір кеме көрінбеді.

Қалайда, төмендеп келе жатқан екпінді тоқтату керек. Бірақ, жолаушылардың қанша күш жұмсағанына қарамастан, шар, Солтүстік-шығыстан Оңтүстік-батысқа қарай ығып төмендей берді.

Қандай хауіпті хал! Бақытсыз жолаушыларда әуе

шарына ие болатындай шама, енді қалмады. Жұмсаған күштің барлығы да далаға кетті. Шардың қабы газды сыртқа шығара берді. Шарды тоқтатуға мүмкіндік болмады. Түскі сағат бір шамасында, шар, теңіздің үстінде алты жүз футтай-ақ жерде ұшып бара жатты.

Гондолдың ішіндегі ауыр заттардың барлығын да тастаған соң жолаушылар, шардың түсуін кешеуілдетті. Бірақ, ендігі апатты тойтаратын шама жоқ. Егер, қас қарайғанша айналада қара жер көрінбесе, онда гондолдағы жолаушылар да, шар да толқынның кұшағына кіріп жоқ болады...

Жолаушылар өлімнен тайсалмайтын күшті, батыл адамдар болуға керек. Ауыздарынан, не қайғырған, не қайғырмаған, қамыққан, не қорққан ешбір сөз шыққан жоқ. Төмендеуді кейінге қалдыру үшін, кешеуілдету үшін мүмкіндік туғызуға олар ең соңғы секундқа дейін күресуге даяр тұрды.

Гондол, кәдімгі қолдан тоқыған карзенке еді; суға төне қалса, үстінде бір минут қалқып жүретін шамасы жоқ.

Түскі сағат екі кезінде, әуе шары теңіздің үстінде төрт жүз футтай-ақ жерде ұшты.

Дәл сол уақытта гондолдың ішінен, қорқыныштың не екенін білмейтіндей бір ер жүрек адамның даусы шығып еді. Сол сыяқтанған дауыспен екінші біреулер жауап берді.

— Нәрсенің барлығы да сыртқа тасталды ма?

— Жоқ! Әлі, алтын есебімен он мың франк ақша калып тұр.

Ауыр қап суға қарай ұшты.

— Шар көтерілді ме?

— Азғантай ғана. Бірақ, көп ұзамай қайта түседі ғой.

— Енді сыртқа лақтыратындай не қалды?

— Дәнеңе де!..

— Ал, гондол ше? Гондолды теңізге тастаңдар! Бәрің де шардың ауына жабысыңдар!

Айтқанындай-ақ, әуе шарының жүгін жеңілейту үшін бұл ең соңғы амал еді. Гондолдың ернеуіне байлаулы арқанды кесіп, гондолды теңізге түсіріп жіберіп еді, шар жоғары шарықтай жөнеліп екі мың фут көтерілді.



Бес жолаушы, шарды ұстап тұрған аудың астыңғы жағындағы арқанға жабысып тұрып тұңғыйық суға қарады.

Әуе шарының, ауыр салмақты сезгіш келетіндігі белгілі. Аз ғана салмақты жеңілтсең-ақ болғаны, жоғары көтеріле береді. Аспандағы әуе шары дұрыс өлшеуші (та-разы) сыяқты. Біраз салмағы кемісе болғаны, дереу жоғары көтеріледі.

Мұнда да сол сыяқты болды.

Бірақ, әуенің жоғарғы қабатында бірнеше минут тұрғаннан кейін, шар, тағы да төмендеді. Газ сыртқа шыға берді. Оны тоқтатуға мүмкіншілік болған жоқ.

Жолаушылар, адам заттың қолынан келетін күштің барлығын да жұмсады. Енді олар құтылса, аман қалса, көлденеңнен кездескен бір себеппен ғана құтылады, аман қалады.

Сағат төрт кезінде, шар, судың үстінде бес жүз футтай ғана жерде жүрді.

Ит, саңқылдап үріп қоя берді. Бұл, несімен бірге арқанға жабысып келе жатқан инженер Смиттің иті еді.

— Топ бірдеңені көрді білем!.. — деді Смит дауыстап.

Сүйдегенше болған жоқ, бір жағынан айқай естілді:

— Жер! Жер!

Желдің ыңғайына, Оңтүстік-батысқа қарай ығып бара жатқан — шар, таң атқаннан бері жүздеген миль жүріп отырып бірталай жер ұшты. Алыстан таулы жер көрінді. Бірақ, оған әлі отыз мильдей жер бар. Егер желдің ыңғайы өзгермесе, шар осы қалпымен жүріп отырса, оған кемінде бір сағат ұшып бару керек.

Бір сағат!.. Ол уақытқа дейін, шар, ішіндегі газды сақтап тұра ала ма?

Бұл, нағыз хауіпті мәселе. Әуе шарындағылар жерді анық көрді. Бұлар оның, жазық дала екендігін, арал екендігін білген жоқ; бұл жерде адам күн көре ала ма, жоқ па, жау немесе дос күте ме—онысында жұмыс жоқ — әйтеуір қалай да соған жету керек болды!

Сағат төрт шамасында, шардың енді бұдан былай аспанда тұра алмайтындығына анық көз жетті. Ол теңіздің үстінде жер бауырлап ұшып бара жатты. Шардың төменгі жағындағы арқанның сүйретілген ұшы толқынға

соғылып бара жатты. Арқан суға тигеннен кейін салмақтағы да артты, шар бір жақ канаты оқ тиіп қайрылған кұсап, бір жағына жанбастай ұшты.

Жарты сағаттан кейін құрғаққа бір мильдей-ақ жер қалды. Бірақ, шардың ішіндегі газ тысқары шығып бітіп, жоғарғы бір жағында ғана біраз қалды. Арқанға жабысып бара жатқандарды көтеруге шамасы азайды; арқандағылар белуарларынан суға малынды. Толқын аударыстырып-аударыстырып қойды. Шардың сырты желкем кұсады. Жел жолаушыларды жағаға қарай айдады.

Мүмкін, олар, осы бетімен жерге жақындап та қалар?

Бірақ, жағаға екі кабельт<sup>1</sup> жер қалған кезде төрт бірдей адам айқайлап жіберді. Өйткені, шардың әлі құрып, судың үстінде орғып-орғып бара жатып жоғары шарықтап ала жөнелді, мың бес жүз футтай жер жоғары көтеріліп барып, әуенің тасқынды екпініне ілінді де, жердің жиегін бойлай жөнелді. Екі минуттан кейін теңіздің шетіне, толқын жетпейтіндей жерге барып түсе қалды.

Жолаушылар, бірін-бірі арқаннан босатты. Шар бұлардың салмағынан босай сала, жаралы құстай ақырғы күшін жыйнап жоғары көтерілді де, бұлттардың арасына кіріп кетті.

Гондолдың ішінде бес жолаушы және бір ит бар еді. Шар теңіздің жағасына төрт-ақ адамды түсірді.


Тегі, жолаушылардың біреуін, қарбалыста тулаған толқын жұлып әкеткен болу керек. Жүксіз шар қазір жоғары көтеріліп, шарықтай жөнелді.

Апатқа кездескен төртеуі, жерге түскендей де болған жоқ, қалып қойған жолдастарын ойлап барлығы бір адамдай болып дауыс қосып, айқай салды:

— Бәлки, ол құрғаққа жүзіп шығар?! Құтқарайықшы соны! Құтқарайықшы соны!

---

<sup>1</sup> Екі жүз метр теңіз өлшеуі.



*Шар теңіздің жағасына төрт-ақ адамды түсірді ...*

## ЕКІНШІ ТАРАУ

*Азаттық үшін болған соғыстан үзінді. — Инженер Сайрус Смит. — Геден Спилет. — Негр Наб — Теңіші Пенкроф. — Жас Герберт — Күтпеген ұсыныс. — Кешкі сағат 10 дағы кездесу. — Дауылға қарай жөнелу.*

Бұл, дауыл әкеліп түсірген адамдар, үнемі әуе шарына мініп, ұшып үйреніп қалған адамдар емес еді. Әуе шарымен серуен құруға шыққандар да емес еді. Бұлар, бір ерекше жағдайда, тұтқыннан қашқан соғыс тұтқындары еді. Жүз рет жандары алқымдарына келді, жүз рет әуе шары оларды тұңғыйыққа тастай жаздады! Бірақ, тағдыр, оларды басқа бір есеге кездестірмек болды, сақтады.

Генерал Улисса Гранттың қоршап алған Ричмонд деген қаласын 20 март күні тастап, олар, бес күннен кейін Виргиния штатының орталығына жеті мың миль шамасындағы жерге жетті: ол штат негрлерді құлдықтан босату үшін күрескен қан майданы тұсында, сепаратистердің<sup>1</sup> басты тірегі болатын.

Әлгі, апатқа кездескен тұтқын жолаушылардың қашуы қандай жағдайда болғандығы жөніндегі мәлімет қысқаша мынадай:

1865 жылдың февралында, генерал Гранттың Ричмонд қаласын қоршауға ниет еткен кезінде, оның армиясының бірнеше офицерлері, сепаратистердің жағына тұтқын болып түсті. Ол тұтқындардың арасында Сайрус Смит деген инженер бар еді.

<sup>1</sup> Сепаратистер — Американың Оңтүстік және Солтүстік штаттары екі ортасында азамат соғысы болған кездегі Оңтүстік жағының адамдары.

Сайрус Смит, Массачузетс аймағының адамы болатын. Тек жалғыз инженер ғана емес, белгілі оқымысты ғылым иесі еді. Соғыс басталған кезде, Құрама штаттардың үкіметі, соғыс жөнінде ірі маңызы бар темір жол басқармасын оның қарамағына тапсырды.

Сайрус Смит, кәдімгі Солтүстік Америка штатының адамы. Жұқа өңді, сүйегі ірі, шашына аздап ақ араласа бастаған, қырққан мұртты, қырық бес шамасындағы адам. Кейбір генералдардың алғашқы баспалдағы жабайы солдаттықты өтіп барып біртіндеп жоғарылау болса, Сайрус Смит те сол сыяқты адамдардың бірі еді. Ол, инженер болғанға дейін қолына балға, кетпен ұстап еңбек еткендердің бірі. Сонан барып көтерілген болатын. Сайрус Смитте ойлап тапқыштықтан басқа бір хасиет, — ол күшке өте мықты еді, жылпос еді. Күші, оның ойына, жігеріне сайма-сай еді, ойындағысы алғашқыда көңілдегідей болып шықпаса да оған мойымайтын, жасымайтын. Өте білімді, іскер, тапқыш қалпымен ол үш хасиетке ие еді. Онысы: жылпостығы, ақылының өткірлігі, мойынға алған ісіне батылдығы, қажырының күштілігі.

Сайрус Смитпен бірге тұтқынға түскендердің бірі — Гедеон Спилет те бір тамаша адам еді. Бұл Гедеон Спилет «Нью-Йорк Геральд» газетінің Солтүстік армияға соғыс халін жазып тұруға жіберген белгілі бір хабаршысы.

Гедеон Спилет Ағылшын, Америка журналистерінің арасындағы ең бір батылы, көлденең қандай қыйыншылықтар кездесе де тайынбайтын ең бір әжеті еді. Оның көңліндегі мүддесі алдында қандай қыйыншылықтар тұрса да соны тез жазып, қысқа уақыттың ішінде өзінің газетіне тапсыру болатын.

Қажырлы, іскер, неге болса да дайын адам. Дүниені көп көрген солдат, суретші. Бірінші хасиеті — газетке, өзіне білуге керекті нәрсені, алдында қандай хатуіп-хатер тұрса да, қыйыншылықтар тұрса да қорқпастан, тайынбастан, соны біліп орнына жеткізу болса, екінші бір хасиеті — адам естіп білмеген, көрмеген, мүмкін болмаған жаңалықтарды білгіш батыр еді. Жаңбыр-

дай жауып тұрған оқтың астында отырып очерк жазатын, доптың астында отырып хабар жазатын адамдардың бірі. Қорқыныш, хауіп-хатерді жұбаныш есебінде ғана көретін адам.

Ол, әзілден де бос болмайтын. Бір кез ол, соғыстың нәтижесін күтіп, телеграфты ешкімге бермеу үшін ол нәтижені газетіне тез жіберу мақсатымен телеграфтың терезесінің алдында тұрып өзінің газетіне екі сағат ішінде Инжильдің бірінші бабын телеграф арқылы жөнелткен. Оның сол Инжильден берген бабы «Нью-Йорк Геральд» газетіне екі мың сомға түсті. Бірақ, хабарды газет басқалардан бұрын алды.

Гедеон Спилеттің жасы қырықтан артық емес, ұзын бойлы адам еді. Жылтыраған жирен жақ, сақалы (бакенбард) бет-аузын жауып тұратын еді. Көзі қырағы, айналадағының барлығын тегіс шолып алуға дағдыланған көз. Оның денесі жаратылысының өзінен-ақ мықты. Суық суға суарылған кұрыш кұсап, дүниенің қай әуесіне болса да әбден шынығып алған адам.

Гедеон Спилет он жылдан бері «Нью-Йорк Геральд» газетінің хабаршысы болып қызмет істеп келеді. Газеттің бетін өзінің мақаласымен, суретпен түрлендіріп келеді. Қаламға қандай шебер болса, қарындашқа да сондай шебер. Тұтқынға, соғысты суреттеп жатқан кезінде түсіп еді. Оның сондағы ең соңғы сөзі: «әлде неткен бір оңтүстік адамы мені мылтықпен көздеп тұр...» деген сөз еді. Бірақ, Оңтүстік адамы оған тигізе алған жоқ. Өйткені, қандай ғана төбелестен болса да ешбір жараланбай шығу, Гедеон Спилеттің дағдысы еді.

Сайрус Смит пен Гедеон Спилет екеуі бірін-бірі сырттан ғана естіп білетін. Екеуі де Ричмондқа жөнелтілді. Ойламаған жерде кездейсоқ ұшырасып, бірін бірі ұнатты. Екеуінің ойындағысы да, талпынған мақсаттары да бір: қайткен күнде де қашып генерал Гранттың армиясына барып қосылу, сөйтіп штаттарды бірлестіру үшін күрескен күрестің қатарына жаңадан қосылу еді.

Екі американец, қашу үшін қандай ғана амалды болса да қолдануға дайын еді. Бірақ, екеуіне қалада жүру-

те қаншама рұхсат берілген болса да, Ричмонд қаласындағы қарауылдың күштілігінен, қашуға ешбір мүмкіншілік болған жоқ.

Сол кезде Сайрус Смитке, өлсе-тірілсе де, өзімен бірге жасасқан малайы келді. Бұл бір инженердің қарамағындағы жерде туған, әке-шешесі құлдықпен өмір еткен бір зенгі (негр) еді. Сайрус, зенгілерді құлдықтан босату мақсатын сөзде ғана жақтап жүрген адам емес, шамасынша іс жүзінде орындайтын адам болғандықтан, зенгіні құлдықтан босатып алды. Бірақ, зенгі, босанып шыққанның өзінде-ақ, иесінің соңынан қалмады.

Бұл, отыз жастар шамасында, күшті, жылпос, байыпты, әдепті, момын, кейде біраз тартыншақ (ұялшақ), ерқашан күлімсірей беретін, еңбек сүйгіш жақсы жігіт еді. Оның Инжилль дәстүрімен қосқан аты Новуходоносор болса да, ол өзін қысқаша ғана, Наб деп атауды лайық көрді.

Сайрус Смиттің тұтқын болғанын білгеннен кейін, Наб көп ойланбай Массачузетсті тастап шығып Ричмондка жөнелді. Айналасы қоршауда тұрған қалаға жыйырма рет өлімге бас байлап, батылдық етіп әрең дегенде кіре алды. Бірақ, Ричмонд қаласына кіргеннің өзінде де онан шыға қою Набка оңай емес еді. Тұтқын федералистер<sup>1</sup> үздіксіз бақылауда болды. Тұтқыннан қашып шығу үшін азғантай ғана болса да үміт туғызатындай алдын ала көлденеңнен кездесетін бір себеп болуға керек еді. Бірақ, ол себеп болған жоқ. Ондай себептің болатындығына да үміт болған жоқ.

Сол кезде соғыс тұтқындары Ричмонд қаласынан қашып шығып қаланы қоршаушылардың (қамаушылардың) қатарына жаңадан барып қосылу ойында болса, қаладан босанып шығып сепаратистердің әскеріне барып қосылу жағын қоршаудағылар да олардан кем ойлаған жоқ. Бұл, кейінгілердің арасында, нағыз барып тұрған оңтүстік Джонатан Форстер деген біреу болды.

Солтүстік армиясы Ричмонд қаласын айнала қоршап, Оңтүстіктегі қолдың қала мен екі ортадағы қатынасын әлдеқашан үзіп еді. Ричмондтың губернаторы, қаладағы хал-жайды айтып, жылдам жаңадан қол жі-

<sup>1</sup> Федералистер — Құрама Штаттардың бірлесуін көздеушілер (солтүстіктер).

беруін сұрап Оңтүстік әскерінің бастығы генерал Лиге хабар айтуды қажет деп тапты. Джонатан Форстердің басына, әуе шарымен көтеріліп, қамаушылардың төбесінен ұшып шығып сепаратистердің лагеріне жету деген ой келді. Бұл ойды губернатор да мақұлдады.

Джонатан Форстермен бірге жөнелетін бес жолдасы үшін әуе шары істелінді. Шардың қорабына (гондолына) егер, жол ұзаққа созыла қалса, керек болар деген оймен мылтық, азық салынды.

Әуе шары 18 март күні түнде көтерілу керек еді. Солтүстік-батыс желі бір қалыпты болса, әуе шарындағылар бірнеше сағаттан кейін генерал Лидің лагеріне барып түспек.

Бірақ, Солтүстік-батыс желі 18 март күні таңертеңнен бастап күшейіп, дауылға айналды. Дауыл сонша күшейді, тіпті ұшуды кейінге қалдыруға тура келді. Мұндай күшті дауылда батылдық істеп әуе шарына мініп, ұшатын кісілерді апатқа ұшыраудан сақтау ойланылып еді.

Газбен толтырылған шар, Ричмонд қаласының үлкен алаңында, жел бір бәсеңдесе ұша жөнелуге дайын күйде байлаулы тұр еді. Бірақ 18 және 19 март күні ешбір өзгеріс болған жоқ. Қайта шарды бұрынғыдан анағұрлым мықтап байлауға тура келді. Өйткені, күшті дауыл шарды жерге құлатты.

19 марттан 20 мартқа қараған түнде дауылды жел бұрынғыдан да құтырды. Сондықтан, ұшуды тағы да кешіктіруге тура келді. Сол күні инженер Сайрус Смитті тіпті танымаған біреу көшеде тоқтата қойды. Бұл — күнге күйіп қарайған, денелі, көзі алақ-жұлақ етіп тұрған қулау, бірақ жылы шырайлы, отыз бес-қырық жастардағы Пенкроф деген теңізші еді. Пенкроф та Солтүстік Американикі болатын. Ол, жер жүзіндегі теңіз, мұхиттардың барлығын да аралаған, отты-суды барлығын тегіс өткен адам еді. Тіпті оны таң қалдыратындай, не үрейін ұшыратындай ешбір кездейсоқ оқыйға жоқ сыяқты.

Осы жылдың бас кезінде Пенкроф жұмыспен Ричмондқа келген. Қасында, өлген капитанның он бес жастағы баласы Герберт Броун бар. Пенкроф оны өз туысқанындай жақсы көретін еді.

Қоршау басталғанша қаладан шығып үлгіре алма-



ған Пенкроф, амалсыздың күнінен өзі де қоршалғандардың күйіне түсті. Сонан бергі оның ойы: кашу! еді.

Ол, инженер Смитті сыртынан естіп қана білетін. Бұл сияқты іскер адамның Ричмонд қаласында тұтқын болып қалуы, өзіне де оңай соғып тұрмаған шығар деген ойда болды, оған ешбір күмәні болған жоқ. Сондықтан, ешбір қобалжымастан көшеде Смитті тоқтатып мына сұрауды берді:

— Смит мырза, Ричмонд қаласы Сізді тойғызған жоқ па?

Инженер қарсы алдында тұрған жат адамға қадалып қарай қойды. Ол тағы да ақырын дауыспен былай деді:

— Смит мырза, қашып кететін ойыңыз жоқ па?

— Қашан? — деді, жұлып алғандай, Смит. Алдындағы таныс емес адамға әбден қарап алғандай да болған жоқ, бұл сұрау оның аузынан еріксіз шықты. Бірақ теңізшінің ешбір көмескісіз жайдары түріне қарап алған соң, алдындағы адамның әбден жөні тұзу екендігіне көзі жетті.

— Сіз кім боласыз? — деді ол.

Пенкроф өзін таныстырды.

— Маған, қай түрде кашуды ұсынып отырсыз? — деді инженер.

— Мынау шар бостан-босқа мұнда не ғып тұр?! Ол бізді текке күтіп тұр емес пе?

Теңізші барлық ойын айтпай-ақ инженер түсінді. Пенкрофты қолтықтап алып өзінің үйіне ертіп әкелді. Онда барған соң теңізші өзінің жоспарын сөйледі, анығын айтқанда оның жоспары жабайы ғана еді: тек басты құрбан қылуға батылдық ету ғана керек еді. Анығында дауыл мейлінше үдеп-ақ тұр, бірақ, Сайрус Смит тәрізденген ұста инженердің шарға ие болу қолынан келеді. Егер Пенкроф шардың басына ие бола алса, әрине, Гербертпен қашып құтылар еді! Ол дауылды көрмеген бе? Сайрус Смит теңізшінің сөзін бөлген жоқ, тындады да отырды, бірақ, көзі жылтырай берді. Көптен күткені ақырында алдына келді. Жасалған жоба қорқынышты да еді, іске асырарлық та еді. Түнде, күзетшілердің көзін алдап шарға жетіп, гондолға мініп алып, жерге байлаулы бауын кесуге жол бар еді. Әрине, бұған аз батылдық керек

емес, бірақ бұл батылдық орындала қалса, онан келетін пайда үлкен! Егер дауыл болмаған күнде... Айтты-айтпады дауыл болмаса, шар әлдеқашан ұшып кететін еді де, Ричмонд қаласынан қашатын жалғыз ғана мүмкіндік те сонымен бірге жоғалатын еді.

— Мен жалғыз емеспін, — деді сөзінің аяғында Сайрус Смит.

— Өзіңізбен бірге қанша кісі алатын ойыңыз бар? — деді теңізші.

— Екеу: досым Спилет, қызметшім Наб.

— Бас-аяғы үшеу, — деді теңізші, — мені, Гербертті қосқанда бесеу. Бірақ, шар алты кісілік қой...

— Оңды-ақ. Біз, ұшамыз! — деді Смит, сөзін бітіріп.

Оның «біз» деп отырғаны журналист еді. Бірақ, ол дәнеңеден тайсалатын адам емес. Жоба туралы хабар берген кезінде, ол жобаны бір сөзсіз қабыл көрген болатын. Гедеон Спилет, осы сыяқты жабайы ойдың өз басына кіріп шықпағанына таңданды. Ал, Набка келсек, ол, өз қожасының соңынан қалмайтын сенімді қызметкер еді.

— Қешке дейін қош бол! — деді Пенкроф.

— Қош! Сағат тоғызда алаңда жолығармыз, — деді инженер. — Біз жүріп кеткенше дауыл басылмас деп ойлаймын!

Пенкроф, өзінің үйіне келді, онда оны Герберт Броун күтіп отыр еді. Жас жігіт теңізшінің ойын сезіп, инженермен сөйлескендегі қортындыны білуге әбден кұмар-ақ еді.

Сөйтіп, дауылмен арпалысуға бел байласқан бес адамның бесеуі де жігерлі, табанды болып шықты.

Әйтсе де, дауыл басылған жоқ. Джонатан Форстер, оның жолдастары, жапырыла қалайын деп тұрған гондолға мінуді ойларына да келтірген жоқ. Жел әуе шарын жерге түйгіштеп, жыртып, пара-пара қылмаса игі еді деп инженер сонан қорқты. Бірнеше сағат алаңда ерсілік-қарсылы жүріп әуе шарын байқады. Пенкроф та сөйтті, уақыт өткізе алмай жүрген адам кұсап екі қолын қалтасына тығып есінеп қойды. Әуе шары жерге соғылып жа-

рылмаса екен, не болмаса, арқаны үзіліп жоғарыға көтеріліп кетпесе екен деп, о да сонан қорықты.

Кеш болды. Ымырт жабылды. Қалың тұман жерді орап алды. Қармен араласып жаңбыр жауды. Дауыл, қаланы қоршаушылармен қоршалғандар екі ортасында келісімге белгі бергендей болды: зеңбіректің күркірегені дауылдың күркірегіне айналады. Ричмондтың көшелері бос қалды. Күннің райы адамның зәресін аларлықтай болған соң үкімет адамдары әуе шарын сақтап тұрған күзетшілерді күзеттен алуды ұйғарды.

Осының бәрі қашуға ыңғайлы жағдай туғызғандай болды.

Сағат тоғыз жарым кезінде Сайрус Смит пен оның жолдастары жан-жақтан, қараңғыланған алаңға келді. Қараңғыланғаны сол—желдің күштілігінен газ фонарьлар сөніп қалып еді. Жерге жабысқан үлкен әуе шарын байқаудың өзі де қыйын болды. Шар бір жағынан салмақты қаптармен басылулы тұрса, екінші жағынан тас көшеге қадаулы шығыршыққа мықтап байлаулы тұрған болатын.

Бес тұтқын, шардың гондолының ішінде кездесті. Сайрус Смит, Гедеон, Наб, Герберт біріне-бірі ешбір сөз қатпастан гондолға кіріп орналасты. Сол кезде Пенкроф инженердің бұйрығы бойынша салмақ толтырған қапты шешті. Бірнеше минут ішінде жұмысты бітіріп, теңізші жолдастарының қасына келді. Енді шарды ұстап тұрған дәнекер трос қана (арқан) еді. Сайрус ишара берсе, шар ұша жөнелетін...

Дәл сол кезде гондолдың ішіне ит секіріп мінді. Бұл байлаулы тұрған жерден жіпті үзіп иесінің соңынан ерген Топ деген ит еді. Ит шарды ауырлатып жүрер деп, Сайрус Смит итті қумақшы болды.

— Па! Мейлі қалсын! — деді итті жақтап Пенкроф. — Онан да гондолдағы құм салған екі қапты тастайық!

Ол, пышақпен ұрып тросты шауып түсірді. Шар жана-малай ұшты. Жолдағы екі үйдің мұржасын құлатты.

Дауыл, адам естімегендей болып долданды. Түні бойы шардан түсемін деген ой болған жоқ. Күндіз, жерді қалын бұлт қаптап жауып тұрды. Жалғыз-ақ бес күн өт-

кеннен кейін, бұлт арасынан шарда тұрғандар төменгі жақта теңізді көрді. 20 март күні<sup>1</sup> Ричмондты тастап шыққан бес кісінің төртеуі 24 март күні елдерінен алты мың миль қашық жатқан теңіздің кұмайт жағасына түскендігін оқушылар білетін шығар.

Жоғалған, соны табуға бәрінің де назары ауған адам инженер Сайрустан басқа ешкім де емес еді.

<sup>1</sup> 15 апрельде Ричмонд қаласын генерал Гранд алды.

## ҮШІНШІ ТАРАУ

*Түстен кейінгі соғам бес. — Жоқ адам. — Набтың тұңғлуы.  
— Солтүстіктегі іздеу. — Аралшықтар. — Тынышсыз түн. — Туман  
— Наб тасқының секіреді. — Жерден көрініс. — Қылшаңнан өту.*

Шарға келіп соғылған толқын инженерді жұлып әкетті. Сенімді ит, несін құтқару ниетімен суға өз еркімен секіріп түсті.

— Алға! — деп айқай салды журналист.

Апатқа кездескен төрт жолаушы қалжырауды, аштықты естен шығарып, жолдасын іздеуге кірісті. Байғұс Наб, дүниедегі ең жақсы көрген адамынан айрылдым деген оймен, зар жылады.

Сайрус Смиттің жоғалғанына екі минуттан артық уақыт өткен жоқ. Сондықтан, оны іздеп жүрген жолдастарының кезінде барып жәрдем беруіне сенім әбден бар еді.

— Алға, алға! — дейді айқайлап, Наб.

— Я, Наб алға! — дейді қостап Гедеон Спилет. — Біз оны табамыз.

— Тірідей ме?

— Тірідей.

— Ол, жүзе алушы ма еді? — деді Пенкроф.

— Я, — деді Наб. — Және Топ та онымен бірге ғой...

Матрос, мұхиттың өкіргенін тыңдап тұрып, басын шайқады.

Инженер, шар түскен құмдақ жерден жарты мильдей ғана жер қашығырақ құлап еді. Жерге жетіп алса, жақындағы жағаның біріне шыға келуге тиіс еді.

Кешкі сағат алты шамасы болды. Жер бетіне кұлаған тұман қараңғылықты үсті-үстіне қоюлатты. Апатқа кездескендер, амалсыздың күнінен душар болған осынау жат жердің Солтүстігіне қарай жүрді. Қазынды кұмайт жерді басып жүріп келе жатқанда, бұрын көрмеген әлдеқандай бір кұстар ащы дауыспен ысқырып үркіп ұша жөнелді. Бұларды көргенде теңізшінің есіне шағалалар түсті.

Ауық-ауық тоқтай қалып, айқайлады. Соңынан, мұхит жағынан жауап келер ме екен дегендей болып үндерін өшіріп, тындап күтіп тұрды. Тіпті, инженер бұлардың айқайына жауап бере алмаған күнде, егер олар судан аман-есен шыққан болса, Топтың үрген дыбысы естілер еді ғой, деп ойлады бұлар. Бірақ, түннің жалғыз-ақ жауабы ұлыған жел мен шулаған теңіз ғана болды. Сонан соң, азғантай отряд, жағаның әрбір ойпаңын көзбен шолып, жаңадан жүрді.

Жыйырма минут іздегеннен кейін апатқа кездескен төрт жолаушы кенет теңізге келіп шықты. Жер шеті осы. Олар теңізге қарай сұлап кірген тұмсыққа келді.

— Кейін қайту керек қой, — деді теңізші.

— Бірақ, ол анау жерде ғой, — деді көнбестен Наб. Сүйдеп, қараңғы түнде аударылып, төңкеріліп тұрған теңіздің таудай толқындары жағына қолын созды.

— Қәне, оған айқай салайық!

Барлығы қосылып айқай салды. Ешбір жауап жоқ. Олар тағы да айқайлады. Ешбір дыбыс естілмеді.

Жолаушылар тұмсықтың былайғы жақ жағасын бойлап қайта оралды. Бұл жер де манағыдай кұмайт, тасты жер еді. Бірақ, Пенкроф, жағаның жоғары көтерілген жағына көңіл бөлді. Бұл сөйтіп, өрлеп барып, алдағы қарайып тұрған биікке алып барады деген ойын айтты. Жағаның бұл жағында кұстар азайды, теңіз сұлықтау көрінді. Толқынның шуы аз-аз ғана естіліп тұрды. Бұған қарағанда, бұл айналасын су қоршаған дөң, анау теңізге кіріп тұрған сүйір тұмсық жер, мұның жағасын ашық теңіздің толқындарынан қорғап тұрған тәрізді.

Жолаушылар екі миль жер жүріп келіп, әлден уақыт-



Оқтың-оқтың тури қалып аиқайлабы.

та, теңіздің недәуір биік жарды шарпып тұрған жеріне келіп тіреліп, тағы да тоқтай қалды.

— Біз аралда екеміз ғой, — деді ышқынып Пенкроф. — Оны біз басынан аяғына дейін бойлап келіп қалған екенбіз!

Теңізшінің айтуы дұрыс — әуе шарының жолаушылары аралға емес, ұзындығы екі миль, кеңдігі де шамалы ғана бір аралшыққа келіп түсіп еді.

Бұл теңіз кұстарының ұясы болған тасты қу тақыр аралша бір үлкендеу архипелагтың (теңіз ортасындағы) бір бөлігі ме, жоқ па — ол белгісіз. Қараңғы түнді тесіп өтетін қырағы көзді теңізші Пенкроф, Батыс жақта көмескі болып кескіні қарайып тұрған әлдеқандай бір таулы жерді байқаған сыяқты. Мұны әбден байқау мүмкін де емес еді. Инженерді іздеуді келесі күнге қалдыруға тура келді.

— Сайрустың үндемеуі дәнеңені де дәлелдемейді, — деді журналист. — Ол мүмкін жаралы шығар, есі ауып жауап бере алмай жатқан шығар... Түңілетін дәнеңе жоқ!

Теңізші, инженерге белгі болатындай етіп, аралшықта от жағуды ұсынды. Бірақ, не ағаш, не құраған бұтақ табылған жоқ. Аралшықтағы бар нәрсе: тас пен күм ғана еді.

Сайрус Смитке жақын боп қалған Набтын, жолдастарының қайғыратыны белгілі-ақ еді.

Олар, оған ешбір көмек бере алмады. Таңертеңді күтуге керек болды. Инженер, не судан аман шығып жағаның бір жерінде орын тапты да, не қайтып келместей апатқа ұшырады.

Жалықтыратын сағаттар жетті. Адам төзе алмастық суық. Бақытсыздар бұдан көп соққы көрді. Бірақ, оны қаперлеріне де алған жоқ. Өздерінің арып-шаршағандықтарын естерінен шығарып, апатқа кездескен жерге дейін барып қайтып, қу тақыр аралшаны әрлі-берлі кезіп жүрді. Кейде айқай салды, кейде, жауап айқай келер ме екен деген оймен тұра қалып құлақ қойды. Теңіздің шуы біртіндеп саябырлады. Набтын айқайына жаңғырық естілгендей болды. Герберт мұны Пенкрофқа сездірді.